

**Ауданда еңбек нарығына байланысты халықтың нысаналы тобына жататындарға қосымша тізбе енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімдігінің 2009 жылғы 29 сәуірдегі N 166 қаулысы. Ақтөбе облысының Алға аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 21 мамырдағы N 3-3-82 тіркелді. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімі аппаратының 2013 жылғы 22 ақпандағы № 05-1/419 хатымен

**Ескерту. Қолданылу мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімі аппаратының 2013.02.22 № 05-1/419 Хатымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына сәйкес Алға ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықтың нысаналы тобына жататындар тізбесі мыналармен толықтырылсын:

- мекеменің жойылуына, санының және жұмысшылардың штаты қысқартылуына байланысты қысқарғандар;
- оқу мекемелерін бітірген түлектер;
- жұмыссыз ретінде тіркелген, ұзақ мерзімді (бір жылдан аса) жұмыссыз жүрген азаматтар;
- жыл сайын маусымдық және уақытша жұмыс істеген азаматтар.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Алға ауданының әкімдігінің 2009.12.08 N 417 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3 тармақтан қараңыз) қаулысымен**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. Аққазовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *М. Тағымов*